

- 19 **Kazak dasturli madenietinin enciklopediyalyk sozdigi** [Encyclopedic dictionary of Kazakh traditional culture]. Almaty, Sozdik-Slovar, 1997, 384 p. (In Kazakh).
- 20 **Mankeeva Zh., Bizakov, S., Zhunisbek A. et al. Kazak adebi tilinin sozdigi** [Dictionary of the Kazakh literary language]. Almaty, 2011, 752 p. (In Kazakh).
- 21 **Babalar sozi. Zhuz tomdyk.** Т.36. Batyrlar zhyry [Words of grandfathers. 100 volumes. Volume 36. Heroic songs]. Astana, Foliant, 2006, 480 p. (In Kazakh).
- 22 **Slovar' kazahskogo literaturnogo yazyka. Pyatnadcat' tomov** [Dictionary of the Kazakh literary language. Fifteen volumes]. Almaty, Arys, 2011, 744 p. (In Russian).
- 23 **Berdibaj R. Bes tomdyk shygarmalar zhinagy. Epos – el kazynasy** [Collection of works in five volumes. Epos is a national treasure]. Almaty, Kazygurt, 2005, 464 p. (In Kazakh).
- 24 **Zhumaliev K. Kazak epos men adebiet tarihyrynyn maseleleri** [Issues of Kazakh epos and literary history]. Almaty, Kazaktyrn memlekettik korkem adebiet baspasy, 1958, 402 p. (In Kazakh).
- 25 **Kaskabasov S.A. El zerde** [Smart country]. Almaty, Gylym, 2008, 501 p. (In Kazakh).
- 26 **Konyratbaj T.A. Epos zhane etnos. Kazak eposy zhane onyn etnikalyk sipaty** [Epos and Ethnos. Kazakh epos and its ethnic character]. Monografiya, Almaty, Gylym, 2000, 268 p. (In Kazakh).
- 27 **Meletinskij E.M. E'dda i rannie formy' e'posa** ["Edda" and early forms of epos]. Moscow, Nauka, 1968, 364 p. (In Russian).
- 28 **Sejdimbekov A. Alpamy's batyr'r: kazahskij geroicheskij e'pos** [Alpamys Batyr: Kazakh heroic epos]. Almaty, Foliant, 2019, 176 p. (In Russian).
- 29 **Ibiraev Sh. Epos alemi. Kazaktyrn batyrylyk zhyrlaryrynyn poetikasy** [Epic world. Poetics of Kazakh heroic songs]. Almaty, Gylym, 1993, 296 p. (In Kazakh).

Авторлар туралы мәліметтер:

Итеғұлова Сая Ағанасқызы – филология ғылымдарының кандидаты, Мемлекеттік тілді дамыту институты, Қазақстан Республикасы 050000 Алматы қ., e-mail: Itegul-saya@mail.ru.*

Оразхан Назерке Нурболатқызы – қазақ тілі және әдебиет теориясы кафедрасының докторанты, әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті, Қазақстан Республикасы 050000, Алматы қ., e-mail: nazerke.orazkhan@mail.ru.

Итегулова Сая Ағанасовна – кандидат филологических наук, Институт развития государственного языка, Республика Казахстан 050000, г.Алматы, e-mail: Itegul-saya@mail.ru.*

Оразхан Назерке Нұрболатқызы – докторант кафедры теории языка и литературы, Казахский национальный университет имени аль-Фараби, Республика Казахстан 050000, г. Алматы, e-mail: nazerke.orazkhan@mail.ru.

Itegulova Saya Aganassovna – Candidate of Philological Sciences, State Language Development Institute, Republic of Kazakhstan, Almaty, e-mail: Itegul-saya@mail.ru.*

Orazkhan Nazerke Nurbotakyzy – PhD student, Department of Kazakh literature and theory of literature, Al-Farabi Kazakh National University, Republic of Kazakhstan, Almaty, e-mail: nazerke.orazkhan@mail.ru.

FTAMP 14.35.09: 16.21.29

ӨОЖ 378.147:81

https://doi.org/10.52269/22266070_2024_3_198

ҰЛТТЫҚ ЕРЕКШЕЛІКТЕРДІ ЕСКЕРЕ ОТЫРЫП ЕУРОПАЛЫҚ ҰҒЫМДАРДЫ ОҚЫТУ ӘДІСТЕМЕСІ

Қайпбаева А. – филология ғылымдарының кандидаты, филология және практикалық лингвистика кафедрасы профессорының м.а., Ахмет Байтұрсынұлы атындағы Қостанай өңірлік университеті, Қостанай қ., Қазақстан Республикасы.

Нурсеитова А.А. – гуманитарлық ғылымдар магистрі, филология және практикалық лингвистика кафедрасының аға оқытушысы, Ахмет Байтұрсынұлы атындағы Қостанай өңірлік университеті, Қостанай қ., Қазақстан Республикасы.*

Ақдаулетова Ж.А. – филология магистрі, филология және практикалық лингвистика кафедрасының аға оқытушысы, Ахмет Байтұрсынұлы атындағы Қостанай өңірлік университеті, Қостанай қ., Қазақстан Республикасы.

Тасмағамбетова З.Ж. – филология магистрі, филология және практикалық лингвистика кафедрасының аға оқытушысы, Ахмет Байтұрсынұлы атындағы Қостанай өңірлік университеті, Қостанай қ., Қазақстан Республикасы.

Мақалада коммуникативтік құзыреттілікті қалыптастыру мәселесіне мысалдар келтірілді. Бұл мәселені тиімді зерттеу бірқатар зерттеу әдістерін, атап айтқанда логикалық талдау, салыстырмалы талдау, формальды, ауызекі тілдегі сұхбат арқылы екі елдің ерекшеліктері салыстырылатын ақпараттар беріліп, сол арқылы білім алушылардың өздерінің пікірлері ескерілді. Функционалды әдіснамалық тәсіл арқылы мақаланың мақсаты мен міндеттері анықталды. Бұл зерттелетін мәселенің барлық аспектілерін толық ашуға мүмкіндік берді. Сондай-ақ, жүйелі әдіснамалық тәсіл тікелей жұмыс үдерісінің негізін құрады. Бұл ретте, коммуникативтік құзыреттілікті қалыптастырудың әдістеріне сараптама жасалды. Талдау әдісі арқылы зерттелетін мәселеге қатысты негізгі ұғымдар толық талданды. Салыстыру әдісі жұмыста маңызды орын алады, өйткені мақалада коммуникативтік құзыреттілікке мысалдар берілді, еуропалық терминдерге түсінік берілді және оларды оқытуда, мысалдар келтіруде қазақ ұлттық наным-сенімдерін еске ала отырып, ұғындыру әдістері қолданылды. Білім алушыларға сауалнама жүргізіліп, оның нәтижелерінен өздеріне түйін жасату арқылы әдістемелік қорытынды жасалды. Бұл мақалада қарастырылған мәселелер қай ұлттың да өзіне тән ерекшеліктері өз биігінде қалуымен өзекті екеніне ерекше мән беріледі. Қазіргі таңда қазақ салт-дәстүрлерінің көмескіленіп бара жатқан түрлерін жаңғырту қолға алынып жатқандықтан бұл мақалада көрсетілген мәселелер өте өзекті деп айтуға болады.

Түйінді сөздер: дәстүр, диалог, монолог, ауызша сөйлеу, лексикалық бірліктер.

МЕТОДЫ ПРЕПОДАВАНИЯ ЕВРОПЕЙСКИХ ПОНЯТИЙ С УЧЕТОМ НАЦИОНАЛЬНЫХ ОСОБЕННОСТЕЙ

Кайпбаева А. – кандидат филологических наук, и.о. профессора кафедры филологии и практической лингвистики, Костанайский региональный университет имени Ахмет Байтұрсынұлы, г. Костанай, Республика Казахстан.

Нурсеитова А.А.* – магистр гуманитарных наук, старший преподаватель кафедры филологии и практической лингвистики, Костанайский региональный университет имени Ахмет Байтұрсынұлы, г. Костанай, Республика Казахстан.

Акдаuletova Ж.А. – магистр филологии, старший преподаватель кафедры филологии и практической лингвистики, Костанайский региональный университет имени Ахмет Байтұрсынұлы, г. Костанай, Республика Казахстан.

Тасмагамбетова З.Ж. – магистр филологии, старший преподаватель кафедры филологии и практической лингвистики, Костанайский региональный университет имени Ахмет Байтұрсынұлы, г. Костанай, Республика Казахстан.

В этой статье приведены примеры, в которых указываются проблемы формирования коммуникативной компетентности. Эффективное изучение данной проблемы осуществляется с помощью ряда методов исследования, а именно логического анализа, сравнительного анализа, формального, разговорного интервью, где предоставлена информация, в которой сравниваются особенности двух стран, тем самым учитывается мнение самих обучающихся. С помощью функционально-методологического подхода были определены цель и задачи статьи. Это позволило полностью раскрыть все аспекты исследуемой проблемы. Также системный методологический подход лег в основу непосредственного процесса работы. При этом были рассмотрены методы формирования коммуникативной компетентности. С помощью аналитического метода были полностью проанализированы основные понятия, относящиеся к исследуемой проблеме. Метод сравнения занимает важное место в работе, так как в статье приведены примеры коммуникативной компетентности, объяснены европейские термины, использованы методы их понимания и приведены примеры с учетом казахских национальных верований и убеждений. Среди студентов было проведено анкетирование, по его результатам составлен методический вывод. Особое внимание уделяется тому, что вопросы, обсуждаемые в данной статье, актуальны тем, что каждый народ имеет свои особенности. В связи с тем, что в настоящее время ведутся работы по возрождению устаревших видов казахских традиций и обычаев, можно сказать, что проблемы, затрагиваемые в этой статье очень актуальны.

Ключевые слова: традиция, диалог, монолог, устная речь, лексические единицы.

APPROACHES TO TEACHING EUROPEAN CONCEPTS CONSIDERING NATIONAL CHARACTERISTICS

Kaipbayeva A. – Candidate of Philological Sciences, acting Professor of the Department of philology and practical linguistics, Akhmet Baitursynuly Kostanay Regional University, Republic of Kazakhstan.

Nurseitova A.A.* – Master of Arts, Senior Lecturer of the Department of philology and practical linguistics, Akhmet Baitursynuly Kostanay Regional University, Republic of Kazakhstan.

Akdauletova Zh.A – Master of Philology, Senior Lecturer of the Department of philology and practical linguistics, Akhmet Baitursynuly Kostanay Regional University, Republic of Kazakhstan.

Tasmagambetova Z.Zh. – Master of Philology, Senior Lecturer of the Department of philology and practical linguistics, Akhmet Baitursynuly Kostanay Regional University, Republic of Kazakhstan.

The article cites examples of the issued related to the communicative competence formation. These issues have been effectively examined through various research methods, including logical and comparative analysis, formal interviews, and informal conversations. These approaches allow for a comparison of the characteristics of both countries, incorporating the views and experiences of the students themselves. Through a functional methodological approach, the purpose and objectives of the article have been determined. This enabled to fully reveal all aspects of the issue under review. Also, a systematic methodological approach formed the basis of the direct workflow. At the same time, the methods of forming communicative competence were examined.

The core concepts associated with the research problem were thoroughly examined using an analytical approach. The comparison method is integral to this study, as the article highlights examples of communicative competence, clarifies European terms, and presents methods for understanding them while taking into account Kazakh national beliefs and values. A survey was conducted among students, and a methodological conclusion was drawn based on the findings. The article emphasizes the importance of the issues discussed, noting that each nation has its own distinct characteristics. In light of ongoing efforts to revive traditional Kazakh customs and practices, the topics covered in this article are particularly relevant.

Key words: *tradition, dialogue, monologue, oral speech, lexical units.*

Кіріспе: 1. Коммуникативтік құзыреттілікті қалыптастырудың теориялық негіздері

Коммуникативтік құзыреттілікті қалыптастыру лексикологиядан бастау алады. Білім алушының оқу дағдысын дамытуда жазба тілмен ауыз екі сөйлеу тілі үлкен рөл атқарады. Білім алушыларды өз еркімен ойландыра отырып, жұмыс істетуге баулу оқытушының парызы. Сол себепті бұл жұмыс түріне айрықша мән беру керек. Мәтіннің мазмұнын айтуға үйрету жазбаша сұрақтарға жауап беруге үйрету, жоспар құруға және сол жоспар бойынша құрылған мәтіннен түйін, қорытынды жасауға үйрету.

Лингвистиканың негізгі объектісі – сөйлеу. Сөйлеу – адамзаттың іс-әрекетінің ерекше формасы. Сөйлеу адамзаттың ойлауымен және басқа да психикалық әрекеттерімен тығыз байланысты.

Сөйлеу екі түрлі формада – ішкі және сыртқы формада жүзеге асады. Ішкі сөйлеу формасы – ойлау процесі үшін қажет, ал сыртқы форма арқылы адам өз ойын басқаларға жеткізеді.

Сөйлеудің екі жағы бар: сөйлеу процесінің нақ өзі және сол сөйлеу іс-әрекеті процесінде жасалынған нәтиже, яғни сөйлемдер, мәтіндер т.б. Адамның өмірінде сөйлеудің маңызы өте зор. Ол сөйлеу арқылы өз ойын айтып жеткізеді және біреудің ойын ұсынады. Ауызша сөйлеу адам арасындағы қарым-қатынасты атқарады. Қазақ дәстүрінде белгілі бір формаға, үлгіге қатыссыз топты жарып, ел алдына шығып, қалың жұрт бас иетін, тоқсан ауыз сөздің тобықтай түйінін айта білген. Кімге айтты, қалай айтты, қайда айтты, ол сөз бола қоймайтын. Бірақ айтылған орынды сөздің түйіні ел жадында сақталып қалатын. Бұған билердің сөзін мысалға келтіруге болады. Біреудің дыбыстауынан құлағымызға жеткен сөз ауызша сөйлеу деп аталады. Әдетте, әңгімелесушілер бірін-бірі көріп тұрады немесе дауыс жететіндей алшақтығы болуы мүмкін. Сөйлеуге үйрету монолог және диалог түрінде іске асырылады. Монолог және диалог түрінде сөйлеу іскерлігі, біліктілігі қарым-қатынас әрекетінің ақпараттық, бақылау сияқты атқаратын қызметіне байланысты анықталады.

Монолог – Білім алушылар мәтіндердің мазмұны туралы өз ойын, көзқарасын жеткізу үшін көрнекіліктерге сүйене отырып, суреттеу, баяндауды қолданып, хабарламалар жасайды.

Диалог – Білім алушылар қысқа және толық жауап беру түрлерін қолдана отырып, құттықтау, өтініш жасау, тілек айту, рахмет айту, шақыру, қоштасу, кешірім сұрау, бір нәрсе жайлы сұрап білу, айту, талқыланған деректерді тұжырымдау, оларға нақты баға беруге үйренеді. Диалогтық сөйлеу әңгімелесушілерді өзара қысқа сөз алмасуы, құрылатын сөйлемнің құрылымы толық болмауы мен айрықшаланады. Бұл терминдер әлі қолданыста жоқ, ерте замандарда қазақ дәстүрінде қысқа сөз қайыруда, ұйқас қуып, өлең шығармайтын қазақ жоқ деген сөз бар. Яғни, қазақ ақын жанды халық. Ауызекі сөйлесуде ұйқасын келтіріп, не екі жол, не бір шумақ өлеңмен жауап қайтарып жататындар бабаларымызда аз болмаған. Сөйлесу арқылы тек қана ақпарат орындалып қалмайды. Яғни, олар бір-бірінің іс-әрекет қылықтарын үйлестіруге, өзгертуге тырысады.

Зерттеу мақсаты: еуропалық ұғымдарды ұлттық ерекшеліктерді ескере отырып оқыту.

Міндеттері: ұлттық ерекшеліктерді алдыңғы орынға шығарып, ұлттық тәрбиені білімнің негізі ретінде оқыту үшін әртүрлі әдіс-тәсілдерді салыстыру, қолдану.

Зерттеу материалдары мен әдістері: ауызекі сөйлеуді екі елдің салт-дәстүріне орай құрылған диалог арқылы тілдік деректермен байыта отырып екі елдің ұлттық ерекшеліктерін айқындайды.

Салыстыру әдісі диалогқа қатысушы тараптардың аузына сөз сала отырып, екі елдің ерекшеліктерін көрсетеді.

Нәтижелер және талқылау: салыстыру әдісі арқылы берілген тілдік деректерді әртүрлі мамандықтағы білімалушылардың бағалауынан алынған қорытынды өз ұлтымыздың қоржынын толтырмайтынын байқадық. Тәуелсіз мемлекетпіз десек те, әбден қанымызға, ұрпақтарымызға сіңіп қалған тәлім, бастысқа көзсіз еліктеу ұлтымыздың ерекшеліктеріне көз жұма қарау, өзімізді өзіміз тану, өмір, салт, сана, тарихымызға үңілуді қажет етеді. Ол үшін жастардың тарихи қолжазба, монографиялық еңбектер оқып, тарихи фильмдерді көп көріп, ой түюі ауадай қажет.

2. Ұлттық ерекшеліктерді ескере отырып, коммуникативтік құзыреттілікті қалыптастырудың әдіс-тәсілдері. Ауызша сөйлеуді жүзеге асырғанда өзгеше лингвистикалық та, лингвистикалық емес те құралдар үлкен рөл атқарады. Өзгеше лингвистикалық құралға арнайы таңбаланған лексикалық бірліктерді, кейбір грамматиканы жатқызуға болады. Ал лингвистикалық емес құралдарға ауызша сөйлеуге тиісті құралдардың барлығы –білім алушылардың тұрысы, ымдауы, ишарат білдіруі, көз қысуы, жымиуы, күлкісі, жылауы және т.б. жатады. Бұл бөліктер ауыз екі тілде сөйлеуді айтарлықтай толықтырып тұрады [1, 280б.].

Мысалы: Қазақ халқында жас балаға жұмбақ, санамақ, ертегі үйретуде есіне сақтату үшін жеңіл сөздермен құрастыруды және бір, екі, үш деп ретімен санауды жаттата салмай, «бір дегеніміз-білімсіз өскен ұл жаман» деп, үйретуден, астарындағы ойды түсіндіре отырып, жадында сақтату әлдеқайда сіңімдірек. Ол бала түйсігіне алғашқыда ауырлау сияқты. Бірақ бала бірнеше рет қайталаған соң, өзінен ойлануына тура келеді. Ал ауыз екі сөйлеуге баулуда еуропалық оқыту үлгісінде білім алушылардың тұрысы, ымдауы, ишарат білдіруі, көз қысуы, жымиуы, күлкісі, жылауы, эмоциясы алға қойылады.

Ауызша сөйлеп, ептілігін дамытуға үйретудің қажеттілігі, әсіресе диалогты құрастыра білуге үйрету, түсіне отырып тыңдауға үйретудің барлық торабымен тығыз байланысты.

Осы орайда бірінші кезеңде төрт өзекті мәселе туындайды: диалогты және монологты түсіне отырып тыңдау, сонымен қатар диалогты, монологты дұрыс формада сөйлей білуге үйрету.

Сөйлеу әрекетінде түсіне отырып тыңдауға үйретудің басты мақсаты түсіне отырып тыңдаудың көлемін ұлғайтуға қол жетізу, бірнеше адамды түсінуге мүмкіншілік беретін жаттығулар көлемін қалыптастыру.

Ауызша сөйлеуге үйрету – шетел тілін оқытудың ең қиын аспектісі болғандықтан, негізгі міндет – естігенін түсінуге баулу және астарындағы мағынаның сырын ұғу. Бұған мысалды француз-қазақ тіліндегі ауызекі тілде сөйлеу үлгісінен келтіреміз:

Le serveur Etes-vous prêts de faire une commande?/Официант: Тапсырыс беруге әзірсіздер ме?

Zere Je pense que oui. Qu ' est-ce que vous pouvez nous recommander?/Иә. Сіз бізге не тапсырыс бересіз?

Le serveur Cela dépend de votre gout, Madame.Si vous aimez la viande, je vous recommande un steak. Il est très délicieux ici. Si vous préférez le poisson, prenez le barbeau au saucisson de vin blanc./Ханым, бұл сіздің талғамыңызға қарай. Егер сіз етті жақсы көрсеңіз, бифштексті ұсынар едім. Ол өте дәмді тағам. Егер сіз балықты жақсы көрсеңіз, ақ шарап соусындағы камбаланы алыңыз.

Zere Alors, je veux prendre de la soupe et du poisson. Avec du chou-fleur et de la salade. Et un steak pour mon mari./Онда мен фирмалық сорпа мен гүлді капуста және жасыл салатпен әрленген балықты алар едім. Ал жолдасыма бифштекс.

Le serveur Un steak cuit a point, frais a point frit, roti, bienroti ?/ Бифштекстің аз қуырылғаны, әлім-берім қуырылғаны, әлсіз қуырылғаны, орташа қуырылғаны, әбден қуырылғаны бар. Қайсысын таңдайсыз?

Zere Un steak frit, mais pas tout a fait roti./Орташа қуырылғаны, бірақ өте қатты қуырылмағаны керек.

Le serveur Bien.Qu est-ce que prenez comme boissons?/Жарайды, ал сусыннан неқалайсыз?

Zere Quels vins blancs avez vous Monsieur ?/Ақ шараптың қайсысы бар?

Le serveur Nous avons un grand choix. Voici notre carte des vins./Бізде таңдау аясы өте кең. Міне, шараптардың ассортименті.

Zere Une demi-bouteille de Chardonnay californique et un verre de biere. J'ai en vue Schlitz du tonneau./Калифорниялық шардоне шарабының кішкене бөтелкесі және бір стакан сыра әкеліңізші. Менің сұрағаным-арнаулы бөшкедегі Шлитс./

Le serveur Bien.Je vais vous apporter les boissons dans une seconde./Жарайды.Сусындарды бірнеше секундтардан кейін әкелемін.

Zere мен Ерік тамақтарын ішіп болғанда даяшы тағы келді/ Le serveur Qu 'est-ce que vous voulez prendre au dessert?/Тәттіге не қалайсыз?

Zere Deux glaces avec des fraises. E.t. d./Құлпынай қосылған екі балмұздақ. Және барлығының есебін әкелуіңізді сұраймын.

Le serveur Bien. Je vais vous apporter les boissons dans une seconde /Жақсы. Мен сізге шотты бірер секундтан кейін әкелемін [2, 124б.]

Бұл мысалдағы ауыз екі тілдегі сөйлесу түрінен ұққанымыз: Француз халқының асты әзірлеуде де, тапсырыс беруде де, астамшылдық пен ысырапшылдыққа салынбауы көңілге жылы ұялайтынын байқадық.

1-кесте - Қазақ, француз халқының салт-мәдениетін көрсету үшін берілген сауалнама

Француз халқының ас әзірлеуі	Қазақ халқының ас әзірлеуі
Француз халқы тағамды алдын ала тапсырыспен, әр адамға шақтап қана әзірлейді. Қазақ халқының бір кешкі асын әзірлеуге кеткен азық-түлікпен француз халқы 30-40 шет ел делегациясын қонақ қылып аттандырған екен.	Ал қазақ қонақасында омыртқасы, кесек еті, қазысы, шұжығы, қартасы, жалы, жаясы бәрі тұтасымен салынады. Түрімен салу қазақ дәстүрі. Омыртқа мен жая үлкендерге беріледі, қалғандары табаққа туралады.

№	Тапсырма	Мамандығы	Студенттердің саны	Ұнайды	Ұнамайды
1	Қазақ ас берсе жылқы оған қоса бірнеше қой сояды. Келген қонақтарға да, елдің адамдарына да жетіп артылады	1.Орыс тілі 2.Биология 3.Тарих	13 14 14	15	26
2	Француздар қонақасыға келетін қонақтардың адам басына жетерлік қана ас әзірлейді.	1.Орыс тілі 2.Биология 3.Тарих	13 14 14	25	16
3	Қазақтар қонақасыға жылқының, қойдың мүшелерін толық салады (омыртқа, жая, қазы, шұжық, қарта т.б.), (қойдың басы, жамбас, омыртқа, ортан жілік т.б.)	1.Орыс тілі 2.Биология 3.Тарих	13 14 14	12	29
4	Француздар қазақтың кешкі асына шетелдіктердің 30-40 делегациясын қонақ қылып аттандырған екен	1.Орыс тілі 2.Биология 3.Тарих	13 14 14	10	31
5	Қазақтар тойға 200-300 адам шақырады.	1.Орыс тілі 2.Биология 3.Тарих	13 14 14	10	31
6	Еуропалықтар үйлену тойға ең жақындарын 30-40 адам ғана шақырады.	1.Орыс тілі 2.Биология 3.Тарих	13 14 14	35	6

Жоғарыда тыңдаушылардың французша сөйлеу әдетін қалыптастыру үшін ауызекі сөйлеудің формасынан мысалдар келтірдік. Тыңдаушылардың сөйлеу әдетін қалыптастыру үшін: мәтінді әңгімелегенде дауыстың айқын болуын ескеру, сұрақтарға жауап беру, дұрыс жауап қайыруға баулу, сұрақ қоя білу мен ауызекі сөйлеуді бастау, дамыту, қорыта білу қабілетін сабақтастыра өрбітіп отырады. Сонымен қатар, берілген мәтінді әңгімелеу мен ауызекі сөйлеу үлгілерін сұхбаттасу сияқты әрекеттермен барынша көп жұмыс жүргізіледі. Осындай жұмыс кең түрде жүрген жағдайда тыңдаушылардың ауызекі сөйлеу қарқыны алға дамып, арта бермек. Мұнда мәтіндерді оңайдан қиынға қарай өрбіту тыңдаушылар үшін ерекше.

Ауызекі сөйлеу біліктілігін дамыту мақсатында мәтінді оқу, тыңдау арқылы мазмұнын түсіну мен мәтіннің мазмұнына ой жіберу, өз халқының салтымен салыстыру, талқылауға белсенді кірісу сияқты жұмыстар көп қолданылады. Оқылған мәтінге байланысты тыңдаушылардың өз ойын салыстырмалы түрде жеткізе біліп, өз ойларын сараптап жеткізе білуіне, мәтіннің ішкі астарына үңіле білуге де талаптар қойылады.

Ал бұл ауызекі сөйлеудегі тыңдаушылардың сөйлеу дағдысын қалыптастыру үшін: тыңдаушылардың меңгерген лексикалық материалдары бойынша талқылауға қатысып, мәтін бойынша түсінгенін еркін жеткізе білуге дағдыланады. Қойылған сұрақтарға тез және нақты жауап беру әр елдің салт-дәстүрі бойынша әңгіме құрастыру, әр түрлі жағдаяттарға байланысты сұрақ қоя білу мен таблица бойынша сөйлемдер құрастырып, екі елдің салт-дәстүрлерінің ерекшеліктеріне өз ойымен қорытып, баға беру жұмыстары басты рөл атқарады.

- Берілген ақпарат бойынша, қалауын, сезімін, ойын білдіру;
- өз көзқарасын айту, қарапайым түрде өз ойын дәлелдейтін мысал келтіру;
- істің мән жайы мен салт-дәстүр туралы ой білдіру және әріптесінің пікірін білу.

Қазақтың қонақасы әзірлеуі басқа халықтардікінен ерекше. Қазақ көңілінің кеңдігіне қарай дастарханының кеңдігі ұлан-асыр. Бұған қарап қазақты ысырапшыл деуге бола ма? Қазақта мынадай мақал бар: «Сары табақтан сарқыт қалар». Сары түс – сағынышты және байлық пен барлықты білдіреді. Қазақтың дәулетті мырзалары келген қонаққа елдің жақсылары мен жайсаңдарын, өнер адамдарын бірге қосып, қойдың немесе жылқының кәделі омыртқа, жамбас жіліктерінен, табақ-табақ ет тартатыны, жағдайы жоқ, үйлерінде асыраушысы жоқ жетім-жесірлерді, ел адамдарының жағдайын қоса ойлағандықтан, жетіп артылатындай қылып қам жасаған. Қонақ табағынан қалатын сарқыт елінің ырысын ойлағандықтың белгісі деп ойлаймыз. Осы тақырыпты зерделегеннен кейін алынған нәтижелер коммуникативтік құзіреттіліктің теориялық және практикалық негіздері болып табылады, олардың қазақ тілін, салтын үйренетін мақсатты аудиториямен және қазіргі заман жағдайларымен арақатынасы айқындалады. Жұмыстың практикалық құндылығы – оны оқытушылар білім беру үдерісін жүзеге асыру барысында дербес қолдана алады [3].

Жазушылар шығармаларынан, ғылыми мақалалардан да бірнеше мысалдар келтіруге болады. Жазушы шеберлігін қаламгерлік тұрғысынан танытатын зерттеу бағыты десек те, оның жеке дүниетанымын, мәдениетін, тарихын тағы басқа типтік белгілерін анықтайтын бағыт – когнитивтік бағыт болып табылады [4]. Жазушылар шығармаларындағы, ғылыми мақалалардағы когнитивтік бағыт бойынша ұлттық дүниетанымдық бірліктер өз алдына бір төбе, оған бөлек тоқталу ләзім. Бұдан шығатын қорытынды, білім алуға үйрететін қабілеттілікті қажет етіп отыр. Сондықтан да болашақ ұрпақты бәсекеге қабілетті етіп тәрбиелеудегі жауапкершілік жоғары. Ал қатысымдық құзіреттілікке келсек, ол топпен, ұжыммен жұмыс істеуді бағалау, адамдардың бір-біріне деген сенімділігі, бірін-бірі түсінуі, тыңдап, сыйлай білуі, қарапайым этикет нормаларын сақтауы, өз қателігін түсінуі, басқа адамдармен жұмыс істей білуі тәрізді қабілеттерді қамтиды. Стратегиялық құзыреттіліктің жеткіліксіз дамуы көптеген білім алушылар жиі шағымданатын еркін сөйлеу мен сөйлеу дағдыларының болмауына әкеледі [3].

Коммуникативтік құзыреттілікті дамыту негізі ең әуелі мектепте басталады. Алдымен, өз ана тілінде ауызекі тілде бабында сөйлеу, ересектермен, құрбыларымен еркін қарым-қатынас жасай білу, айтылғанды ықыласпен тыңдап, түсіну, өз пікірін жеткізе білу, қатарларынан озып, кез келген бәсекеге дайын болу т.б. дағдыларын қалыптастырып, соның нәтижесінде өздігінен білім алу, алған білімін өмірлік жағдаяттарға сәйкес қолдана білу қабілеттері мен өмірдегі түйткілдерді шешуге арналған білік-дағдылары дамытылады. Қазақ салт-дәстүрінде «бәсеке» термині ағайын арасында жүрмейтін ұғым. Үлкендер ағайын арасындағы бәсекелестікті «тек» деп, түбірімен шауып отыратын. Ағайын арасында бәсекелесу атымен жоқ. Ал «ат жарыс» пен «көкпар тартуда» «ауылдастың тайы озсын!» деп, тақымын қысып тілегін тілейтін халықпыз. Ал еуропалық оқыту үлгісінде барлық білім берудегі әдіс-тәсілдер белгілі бір мақсат-мүддені көздейтін тәрізді. Оған коммуникативтік құзыреттілікті дамытудың әдістері, яғни, пікірталас (талқылау), әңгімелесу, сұхбат, семинар-конференция, миға шабуыл, тренинг, рөлдік ойын, дәріс-сұхбат арқылы жетуге болады. Осы орайда әрқайсысына қысқаша түсініктеме бергенді дұрыс деп таптық.

Пікірталас – даулы мәселені, қиын түйіндерді талқылау. Оның басқа дау түрлерінен айрықшаланатын негізгі белгісі – дәлелдеу. Даулы (талас тудыратын) пікірлерді талқылағанда әр жақайтушының пікіріне қарсы, өз ұстанымын алға тартады [6]. Пікірталас кез келген проблемаларды, даулы мәселелерді топ болып талқылау дегенді де білдіреді. Пікірталас арқылы білім алушы жаңа ақпарат қабылдайды, өзіндік ойын қорытады, оны қорғауға белсенді кіріседі [5, 86б.]. Пікірталастың міндеті – танымдық үрдісті ынталандыру.

Әңгімелесу – бұл әдістің қосалқы функциясы. Ынталандыру – ол басқа функцияларды орындайды. Әңгімелесу әдісі жаңаны меңгерудің, материалды бекітудің, шығармашылық қабілеттерді алға апарудың жолдарын анықтау үшін қолданылады.

Дәріс-сұхбат. Мұнда білім алушылар дәріс үстінде тікелей жауап беруі тиіс, сұрақ-жауап арқылы өткізіледі. Диалог әдісі білім алушылар арасындағы диалог арқылы шындықты топтық іздеуден (дұрыс жауап, проблемалық жағдайды шешу) құралады. Бұл әдістің проблемалық әдіспен ортақ белгілері бар. Тыңдаушыларға бірнеше жағдаяттық сұрақ қоя алады, т.б. Мұнда дұрыс жауап бірден табылмауы мүмкін, бірнеше адамның ойын білу қажеттігі туындайды. Семинарлар – конференциялар. Семинарда тыңдаушылардың теориялық әдебиеттермен және басқа дидактикалық құралдармен біраз сұрақтар, мәселелер мен тапсырмалар және өздік жұмыстар көбірек болады. Ал семинар үстінде белсенді пікірталас, оқытушының жетекшілігімен тыңдаушылар қорытынды жасайды.

Миға шабуыл – шығармашылық белсенділікті арттыруға бағытталған оперативті әдіс, онда пікірталасқа қатысушыларға ең креативті, фантастикалық шешімдерді айту ұсынылады. Содан кейін айтылған идеялардың тәжірибеде қолдануға болатын ең жақсылары таңдалады. Миға шабуыл кезінде сынға тыйым салынады және идеялар, тіпті күлкілі болса да ынталандырылады. Барлық айтылған ойлар сарапшылар алқасының одан әрі өрістетуі үшін жазылады. Шешім бекітілгеннен кейін «идея генераторлары» оның қарсыластары мен жақтаушыларына әлсіз жақтарын анықтау және оларды түзету мақсатында таратылады [6].

Тренинг – белсенді ұжымдық өзара пікірлесу кезіндегі қарым-қатынас жағдайындағы психологиялық әсер ету тәсілдерінің бірі [6]. Оқыту, шешімдер қабылдау және іскерлік қарым-қатынас жасау, меңгеру, тыңдаушылардың жеке ерекшеліктерін ашу, мінез-құлқын түзетуге мүмкіндік береді. Сонымен қатар, тыңдаушылар қарым-қатынас пен шешім қабылдаудың әдістерін үйренеді.

Ойын – коммуникативтік құзыреттілікті қалыптастыру әдісі. Ойын әрекетінің ерекшеліктері қоғам алдында өзін-өзі тік тұрғызуға көмектеседі. Оқу процесінде іскерлік ойындардың: операциялық, рөлдік ойындар, іскерлік театр, психо- және әлеуметтік драма сияқты түрлері қолданылады. Сабақта белгілі бір ұйымның, кәсіпорынның ия болмас оның бөлімшесінің, мысалы, кәсіпорынның, бөлімнің, цехтың, учаскенің және т.б. оқиғалар, адамдардың іс-әрекеттері (іскерлік кездесу, жоспарды талқылау, әңгіме өткізу және т.б.) Модельдеу ойынының сценарийі оқиғаның сюжетінен басқа имитацияланған процесстер мен объектілердің мақсатының сипаттамасын қамтиды [5,876.].

Операциялық ойындар. Олар нақты нақты операцияларды орындауға көмектеседі, мысалы, эссе жазу, есептерді шешу, үгіт–насихат және үгіт жүргізу әдістері.

Рөлдік ойындар. Бұл ойындарда белгілі бір адамның мінезі, әрекеті, қызметтері мен міндеттерін орындау әдістері пысықталады. Рөлді орындау арқылы ойындарды жүргізу үшін жағдаяттың үлгі-ойын жүргізіледі. Білім алушылар арасында «міндетті мазмұндағы» рөлдер таратылады.

Іскерлік театр. Бұл жағдайда білім алушы адамның осы жағдайдағы мінез-құлқын ойнайды. Сахналық әдіс үшін нақты жағдайды сипаттайтын сценарий құрылады.

Психодрама және социодрама. Олар іскерлік театрға өте жақын. Бұл да театр, бірақ ұжымдағы климатты сезіну, басқа адамның жай-күйін бағалау және өзгерту.

Қарастырылып отырған оқыту әдістерінің еуропалық ұғымдарды кіріктіруде, әрқайсысының өзіндік ерекшеліктері бар, оларды қолдану кезінде елдің салт-дәстүріне, тұрмысына, сөздердің шығу тегіне де зер салуды ескеру қажет. Егер сіз әдістерді дұрыс қолдансаңыз, онда жанжалды жағдайда өзін-өзі ұстай білуді, өзін-өзі көрсету мен көпшілік алдында сөйлеу дағдыларын, өз пікірін дәлелдей білу дағдыларын тиімдірек қалыптастыруға болады. Коммуникативтік құзыреттілік, біріншіден, оқу табысына әсер етеді; екіншіден, білім алушының ортаға бейімделу процесі, үшіншіден, білім алушылардың болашақ ересек өмірінің тиімділігі оқу-тәрбие процесінде қарастыруға болады. Осылайша, білім алушының өмірінің әртүрлі аспектілері қалай дамитындығы коммуникативтік құзыреттілікті қалыптастыру әдістерінің қаншалықты дұрыс таңдалғанына байланысты болады [7]. Бұл коммуникативтік құзыреттілікті қалыптастыру әдістері білім алушылардың қарым-қатынасын қалыптастыруға, сөйлеу тілін дұрыс меңгеруге, жеке тұлғаның құзыреттілігін жүзеге асыруға ықпал етеді. Коммуникативтік құзыреттілік ауызекі сөйлесу үлгісі жеке тұлғаның рухани өсуін қадағалап дамытады, адамдарды түсінуге көмектеседі. Ал қазақ тілінің коммуникативтік бағытта оқытылуына ұлттық ерекшеліктерді тілдік бірліктер арқылы тіл үйренушінің жадына адамзаттық құндылықпен қоса сіңіру әлемге деген жаңаша көзқарасты қалыптастырады. Ол өз кезегінде қазақ тілінен берілетін ұлттық білім мазмұнына қомақты үлес қосады. Қазақ тілін игеру үдерісі тіл үйренушінің ұлттық ерекшеліктерді бойына сіңіре отырып, тұлғалық қалыптасуының қарқынды қыры болып табылады [5, 906.]. Осының негізінде қазақ тілінің әлеуметтік мәні тіл үйренушілерге қазақ тіліне деген қатынастың шығармашылық тәжірибесін тарату арқылы танылады. Ф.Ш. Оразбаева мен Р.С. Рахметова: «Адамдардың қатысымдық құзіреттілігі бәрінде бірдей емес. Ана тілінде сөйлейтін адамдардың өзінде де қатысымдық құзіреттілік бір деңгейде кездеспейді. Ол әр адамның қабілетіне, қоршаған ортасына байланысты өзгеріп отырады. Адам жас кезінде қарапайым құзіреттіліктен бастап, өзінің даму барысында аралық құзіреттіліктен өтеді. Ересек болғанда оның тілдік қатысымдық құзіреттілігі қалыптасады, алайда ол әр адамның тұлғалық ерекшеліктеріне байланысты болады» дей келе, «қатысымдық құзіреттілікті қалыптастыру үшін сабақ үрдісінде орындалатын жұмыстар қатысымдық тұрғыдан жүргізілуі қажет» деп санайды [8]. Сондықтан коммуникативтік құзіреттілікті қалыптастыру үшін ұлттық ерекшеліктерді ескере отырып, жүйелеп алу қажет.

Қорытынды. Қорыта келгенде, оқытушы мен білім алушы арасындағы өзара түсінушілік, бірлесіп жұмыс істеуге деген ынта. Бұлар коммуникативтік құзыреттілікті қалыптастыруға әсер етеді. Ғалымдардың пікірімен түйіндесек, білім алушының дара тұлға ретінде кез келген тақырыпта өз ойын еркін, жүйелі жеткізіп, ойына ұлттық ерекшелікті арқау етіп, келесі адамға ойын қорытып айта алса, қатысымдық құзіреттілігінің өрісі аңғарылады. Жоғарыда тілдік және еуропалық ұғымдарды оқытудың әдіс-тәсілдерін атап өттік. Біразына ұлттық ерекшеліктеріміз айқын байқалатын тұстарға мысалдар келтірдік. Құзыреттілік – белгілі бір саладағы жинақталған білім, білік, дағдысы, тәжірибесі болса, коммуникация – қарым-қатынас, өзара пікірлесу, сөйлесу, ұғынысу дегенді білдіреді. Яғни, қатысымдық құзыреттілікке – бұл өзара байланыс, пікірлесу, сөйлесуге қатысты диалог үлгісін ұсыну арқылы, салт-дәстүрге, ұлттық ерекшелікке байланысты білім, білік, дағдылармен қарулануы, қатысымды терең меңгеруді көздейді. Коммуникативті құзыреттілікті оқыту әдістерінің түр-түрлерін мысалдар келтірумен, астарындағы мағынаға да үңілдірумен, бірге дәлелдеуге тырыстық. Қарапайым мысалмен дәлдеп кету ләзім: «Ауылдастың тайы озсын» деп ат жарыс, көкпар тартуда ел мен елдің жарысын, бәсекесін құптаса да, ағайынның арасындағы бәсекені үлкендер түбінен қиып отырған. Бұл ұлттық

ерекшелігіміздің жас ұрпаққа берілетін тәрбиеде ескерілуі жөн. Оқу үрдісі ұлттық тәрбиемен тығыз сабақтастықта жүргізілу негізгі шарт.

Десек те, әр ұлттың тілдік, салттық ерекшеліктерінің өзі ғылыми негізсіз болмайды. Жұмыста пайдаланылған материалдар қазіргі қазақ қоғамында концептілік негіздерді терең зерделеуді одан әрі жалғастыру. Еуразиялық концептілердің орнықты ұлттық жүйеге реинтеграциясын талдау, семантикалық-лингвистикалық және дүниетанымдық тұрғыда қайта пайымдау мүмкіндіктерін қадағалау, лингвомәдениетті, психолингвистикалық, коммуникативтік, қазақша әдеби дәстүрді пәнаралық зерделеудегі концептуалдық процестерді түсіну үшін пайдалы болуы мүмкін. Бұл мақалаға пәнаралық дискурстағы әлемдік ғалымдардың жұмыстары талданғанын негізге алуға болады: этнолингвистика бойынша /Шулист, 2020, Николаева, 2020; когнитивтік лингвистика бойынша /Абдугаффарова, 2020, Джи, 2020, Мистреану, 2019; лингвомәдениеттану бойынша/Ким, 2020, Немицкен, 2021; Григорьева, 2021; тіл білімі бойынша/Кумминс, 2021, Стеффенсен, 2021; концептология бойынша/Йи, 2019, Лобнер, 2021. Әрбір жұмыс ұлттық мәдениетте қалыптасқан мағыналарды түсіну үшін маңызды болып табылады. Ал аталған тәсілдерді жинақтау қазақ халқының ұлттық ерекшеліктерін жан-жақты зерттеуге мүмкіндік береді.

Үш түрлі мамандықтың орыс тілі мен әдебиеті пәні мұғалімдері, биология пәні мұғалімдері, тарих пәні мұғалімі мамандықтарынан барлығы 41 студент қатысты. Тест толтыру арқылы үш түрлі мамандық студенттерінен сауалнама алынды. Бұл алынған сауалнама нәтижелері мақаламыздың тақырыбын ашуға негізгі аргумент болды.

Бұл әдіс – тәсілдерді білім беру үрдісіне, оқу практикасына енгізудің қиыншылығы бар:

а) салт-дәстүр, мәдениеті салыстырылып тұрған елдердің не бір тектес еуропалық, не бірыңғай түркі тектес елдер болмауы.

ә) үйретуші педагог екі елдің де салт дәстүрін бүге – шігесіне дейін білетін әмбебап әдіскер болуы керек.

Коммуникативті құзыреттілікке мысалдардың қоғамда басымдылыққа ие ағылшын, орыс тілдерінде емес, қазақ-француз тілдерінде функционалдық – жүйелік әдістер арқылы берілуі, салт-дәстүрге байланысты тілдік деректермен байытылуы мақаланың мағыналық маңызын айғақтайды.

ӘДЕБИЕТТЕР:

1 **Попова З.Д., Стернин И.А. Когнитивтік лингвистика** [Мәтін] / З.Д.Попова, И.А.Стернин//– Москва: АСТ: Восток – Запад, – 2007. – 314 б.

2 **Петрова Л.М. Француз тілін 42 күнде үйрену** [Мәтін] / Л.М.Петрова //– Москва:Филоматис, – 2005. – 224 б.

3 **Dornyei Z., Thurrell S. Strategic Competence and How to Teach It** [Text] / Z.Dornyei, S.Thurrell// ELT Journal, –1991. – №1. – P. 16-23. <http://dx.doi.org/10.1093/elt/45.1.16>.

4 **Absadyk A., Matyzhanov K., Ispandiyarova A., Mukhitov M. Nickname Traditions and Turkic Folklore** [Text] / A.Absadyk., K.Matyzhanov., A.Ispandiyarova., K. Mukhitov // Journal of Namibian Studies, 2023. – №34. – P. 3241-3255. <https://doi.org/10.59670/jns.v34i.1798/>

5 **Курманова А.К. Білім алушылардың коммуникативтік құзыреттілігін қалыптастырудың тиімді әдістері** [Мәтін] /А.К.Курманова // Тілдің және әдебиеттің оқыту әдістері, «Филология» сериясы 2022. – № 2. 91-97 б.

6 **Littlemore J. The Communicative Effectiveness of Different Types of Communication Strategy** [Text] / J. Littlemore//Journal – 2003. – №31. – P. 331-347. [http://dx.doi.org/10.1016/S0346-251X\(03\)00046-06](http://dx.doi.org/10.1016/S0346-251X(03)00046-06).

7 **Балабекова Қ.Ш., Отарбекова Ж.К. Қазақ фольклорындағы дәстүрлі ментальдік және ұлттық таным** [Мәтін] /Қ.Ш. Балабекова, Ж.К.Отарбекова// Тіл білімі, лингвистика. «Филология ғылымдары» сериясы – 2019. – № 1(67). – 30-34 б.

8 **Ислам А. Ұлттық мәдениет контекстіндегі дүниенің тілдік суреті** [Мәтін]:автореф. дис... филол.ғыл.докт. /А.Ислам – Алматы.– 2004. – 229 б.

9 **Abubakirova G., Kaipbayeva A., Zhursinalina G., Toleuova A. Linguocultural and conceptual features in poetic works** [Text] /G. Abubakirova, A.Kaipbayeva, G.Zhursinalin., A.Toleuova // Scientific Herald of UzhhorodUniversity.Series «Physics»+Section Educationissue. Journal –2024.–№55.–P.870–880. <https://doi.org/10.54919/physics/55.2024.87gs0>.

REFERENCES:

1 **Popova Z.D., Sternin I.A. Kognitivnaya lingvistika** [Cognitive linguistics]. Moscow, AST, Vostok – Zapad, 2007, 314 p. (In Russian)

2 **Petrova L.M. Francuzskij za 42 dnya** [Learning French in 42 days]. Moscow, Philomatis, 2005, 224 p. (In Russian).

3 Dornyei Z., Thurrell S. **Strategic Competence and How to Teach It.** *ELT Journal*, 1991, no.1, pp. 16-23. <http://dx.doi.org/10.1093/elt/45.1.16>.

4 Absadyk A., Matyzhanov K., Ispandiyarova A., Mukhitov M. **Nickname Traditions and Turkic Folklore.** *Journal of Namibian Studies*, 2023, no.34, pp. 3241-3255. <https://doi.org/10.59670/jns.v34i.1798>.

5 Kurmanova A.K. **Bilim alushylardyn kommunikativtik kuzyrettiligin kalyptastyrudyn tiimdi adisteri** [Effective methods of student communicative competence formation]. *Tildin zhane adebiettin okytu adisteri*, «Filologiya» seriyasy, 2022, no. 2, pp. 91-97. (In Kazakh)

6 Littlemore J. **The Communicative Effectiveness of Different Types of Communication Strategy.** *Journal*, 2003, no.31, pp. 331-347. [http://dx.doi.org/10.1016/S0346-251X\(03\)00046-0](http://dx.doi.org/10.1016/S0346-251X(03)00046-0).

7 Balabekova K.S., Otarbekova Z.K. **Kazak folklorindagy dasturli mentaldik zhane ulttyk tanym** [Traditional mental and ethnic identity in Kazakh folklore]. *Til bilimi, lingvistika. «Filologiya gylymdary» seriyasy*, 2019, no. 1(67), pp 30-34. (In Kazakh)

8 Islam A. **Ulttyk madeniet kontekstindegi dunienin tildik sureti** [Linguistic picture of the world in the context of national culture]. Almaty, 2004, 229 p. (In Kazakh)

9 Abubakirova G., Kaipbayeva A., Zhursinalina G., Toleuova A. **Linguocultural and conceptual features in poetic works.** *Physics»+Section Education issue. Journal*, 2024, no.55, pp. 870-880. <https://doi.org/10.54919/physics/55.2024.87gs0>.

Авторлар туралы мәліметтер:

Қайыпбаева Айжамал – филология ғылымдарының кандидаты, филология және практикалық лингвистика кафедрасы профессорының м.а., Ахмет Байтұрсынұлы атындағы Қостанай өңірлік университеті, Қазақстан Республикасы, 110005, Қостанай қ., 5 шағын ауд., 16/5, тел.: 87785450211, e-mail: a.kaypbai1957@mail.ru(үлгі).

Нурсеитова Айшагүл Айдарбековна* – гуманитарлық ғылымдар магистрі, филология және практикалық лингвистика кафедрасының аға оқытушысы, Ахмет Байтұрсынұлы атындағы Қостанай өңірлік университеті, Қазақстан, 110011, Қостанай қ., Штабная көш, 13, тел.: 87752965179, e-mail: a-nurseitova@mail.ru.

Ақдаулетова Жанар Ашимовна – филология магистрі, филология және практикалық лингвистика кафедрасының аға оқытушысы, Ахмет Байтұрсынұлы атындағы Қостанай өңірлік университеті, Қазақстан, 110002, Қостанай қ., Самал көш, 23, тел.: 87477992010, e-mail: ertekbaev2010@mail.ru.

Тасмағанбетова Зейнат Жансұлтановна – филология магистрі, филология және практикалық лингвистика кафедрасының аға оқытушысы, Ахмет Байтұрсынұлы атындағы Қостанай өңірлік университеті, Қазақстан, 110001, Қостанай қ, Сибирская көш, 43, тел.: 87752715197, e-mail: zinattas@mail.ru.

Қайыпбаева Айжамал – кандидат филологических наук, и. о. профессора кафедры филологии и практической лингвистики, НАО «Костанайский региональный университет имени Ахмет Байтұрсынұлы», Казахстан, 110005, г. Костанай, 5 микр., 16/5, тел.: 87785450211, e-mail: a.kaypbai1957@mail.ru.

Нурсеитова Айшагул Айдарбековна* – магистр гуманитарных наук, старший преподаватель кафедры филологии и практической лингвистики, НАО «Костанайский региональный университет имени Ахмет Байтұрсынұлы», Казахстан, 110011, г. Костанай, Штабная, 13, тел.: 87752965179, e-mail: a-nurseitova@mail.ru.

Ақдаулетова Жанар Ашимовна – магистр филологии, старший преподаватель кафедры филологии и практической лингвистики, НАО «Костанайский региональный университет имени Ахмет Байтұрсынұлы», Казахстан, 110002, г. Костанай, Самал, 23, тел.: 87477992010, e-mail: ertekbaev2010@mail.ru.

Тасмағанбетова Зейнат Жансұлтановна – магистр филологии, старший преподаватель кафедры филологии и практической лингвистики, НАО «Костанайский региональный университет имени Ахмет Байтұрсынұлы», Казахстан, 110001, г. Костанай, Сибирская 43, тел.: 87752715197, e-mail: zinattas@mail.ru.

Kaipbayeva Aizhamal – Candidate of Philological Sciences, acting Professor of the Department of philology and practical linguistics, Akhmet Baitursynuly Kostanay Regional University, Republic of Kazakhstan, 110005, Kostanay, 5 micro district, bld. 16, apt. 5, tel.: 87785450211, e-mail: a.kaypbai1957@mail.ru.

Nurseitova Aishagul Aidarbekona* – Master of Arts, Senior Lecturer of the Department of philology and practical linguistics, Akhmet Baitursynuly Kostanay Regional University, Republic of Kazakhstan, 110011, Kostanay, 13 Shtabnaya Str., apt. 52, tel.: 87752965179, e-mail: a-nurseitova@mail.ru.

Akdauletova Zhanar Ashimovna – Master of Philology, Senior Lecturer of the Department of philology and practical linguistics, Akhmet Baitursynuly Kostanay Regional University, Republic of Kazakhstan, 110002, Kostanay, 23 Samal, tel.: 87477992010, e-mail: ermekbaev2010@mail.ru.

Tasmagambetova Zeinat Zhansultanovna – Master of Philology, Senior Lecturer of the Department of philology and practical linguistics, Akhmet Baitursynuly Kostanay Regional University, Republic of Kazakhstan, 110001, Kostanay, 43 Sibirskaya Str., tel.: 87752715197, e-mail: zinattas@mail.ru.

МРНТИ 14.25.07

УДК 972.851

https://doi.org/10.52269/22266070_2024_3_207

КРИТИЧЕСКИЙ И РАЗВИВАЮЩИЙ АНАЛИЗЫ В ИССЛЕДОВАТЕЛЬСКОЙ ДЕЯТЕЛЬНОСТИ УЧАЩИХСЯ

Абылкасымова А.Е. – д.п.н., профессор, член-корреспондент НАН РК, академик РАО, академик международной академии Высшей школы, заведующая кафедрой математики, физики и информатики, Казахский национальный педагогический университет имени Абая, г. Алматы, Республика Казахстан.

Каппасова С.Е. – магистр педагогических наук, докторант, Казахский национальный педагогический университет имени Абая, г. Алматы, Республика Казахстан.*

Мусайбеков Р.К. – магистр естественных наук, преподаватель-лектор, академический доцент кафедры математики, физики и информатики, Кокшетауский университет имени Ш. Уалиханова, г. Кокшетау, Республика Казахстан.

Абдиркенова А.К. – доктор PhD, и.о. ассоциированного профессора кафедры педагогики, психологии и специального образования, Костанайский региональный университет имени Ахмет Байтұрсынұлы, Республика Казахстан.

Актуальность статьи определяется необходимостью внедрения инновационных методов в образовательный процесс. В данной работе рассматриваются методические подходы к внедрению критического и развивающего анализов в образовательный процесс, а также их влияние на исследовательские навыки школьников. Анализируются примеры практического применения данных методов, их влияние на мотивацию учащихся, а также выявляются перспективы дальнейшего их использования для формирования учащимися самостоятельности и критического мышления в процессе обучения. Исследование основывается на сравнении концепций критического анализа и критического мышления. Научная значимость работы заключается в уточнении роли исследовательского подхода в обучении, а практическая значимость – в возможности применения результатов для улучшения образовательных стратегий. Методология включает анализ существующих теорий и подходов, а также эмпирическое исследование применения критического мышления в образовательной практике. Также проведен анализ определений исследовательского подхода, рассмотрены взгляды ученых на педагогическое исследование и оценку значимости критического мышления. Основные результаты подтверждают, что исследовательский подход способствует развитию критического мышления у учащихся, что делает работу ценным вкладом в педагогическую практику и теорию.

Ключевые слова: *исследовательский подход, педагогический процесс, критический и развивающий анализы, компетенции, критическое мышление.*

ОҚУШЫЛАРДЫҢ ЗЕРТТЕУ ҚЫЗМЕТІНДЕГІ СЫНИ ЖӘНЕ ДАМЫТУШЫ ТАЛДАУЛАР

Әбілқасымова А.Е. – п. ғ. д., профессор, ҚР ҰҒА корреспондент-мүшесі, РБА академигі, Халықаралық жоғары мектеп академиясының академигі, математика, физика және информатика кафедрасы меңгерушісі, Абай атындағы Қазақ ұлттық педагогикалық университеті, Алматы қ., Қазақстан Республикасы.

Қаппасова С.Е. – педагогика ғылымдарының магистрі, докторант, Абай атындағы Қазақ ұлттық педагогикалық университеті, Алматы қ., Қазақстан Республикасы.*

Мұсабеков Р.К. – жаратылыстану ғылымдарының магистрі, оқытушы-дәріскер, математика, физика және информатика кафедрасының академиялық доценті, Ш. Уәлиханов атындағы Көкшетау университеті, Көкшетау қ., Қазақстан Республикасы.

Абдиркенова А.К. – PhD докторы, педагогика, психология және арнайы білім беру кафедрасының қауымдастырылған профессорының м.а., Ахмет Байтұрсынұлы атындағы Қостанай өңірлік университеті, Қостанай қ., Қазақстан Республикасы.